

**02150300 – ВОКАЛДЫҚ ӨНЕР / 4S02150302 - «Дәстүрлі ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы»**

**Білімі:**

- негізгі орта білімі бар (9 сынып) және
- мамандандырылған оқу орындарын (өнер мектептерін) бітірген талапкерлер қабылданады;

**Критерийлер:**

- қазақтың халық әндерін, халық композиторларының әндерін айта алатын, Арқа, Жетісу, Сыр, Батыс Қазақстан дәстүрлі әншілік-жыршылық мектептерінен хабары болуы тиіс;
- домбыра, жетіген, қыл-қобыз, баян аспаптарында өзін сүйемелдеп ән айта білуі керек;
- музыкалық есте сақтау, есту, ырғақты сезіну қабілеттері бар ерекше талапкер болуы тиіс;
- сымбатты да келбетті болуы шарт;

**Орындалатын бағдарлама:**

- 1) дауыс диапазонын көрсете алатын бір ән;
- 2) өз қалауы бойынша бір ән;

**Жас ерекшелігі:**

- 9 сыныпты бітірген талапкерлер қабылданады.

**Талапкер шығармашылық емтиханнан «2» (қанағаттанарлықсыз) деген баға алса немесе себепсіз келмесе, шығармашылық емтиханнан өтпеді деп саналады.**